20680277758

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 желтоқсан іс №4360-23-00-2/3025 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы Ғ.Б.Қуанышбаеваның қатысуымен,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ALGA» атауымен әрекет етуші Ахметканова Асем Сейлхановна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы,
Талап қоюшының өкілі Ә.Дармагамбетов,
Жауапкер өкілі А.Досжанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 1 қыркүйекте талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №72 санды техникалық қорытынды актілерін бере отырып, компьютерлік техника мен жабдықтың техникалық жай-күйін диагностикалау және айқындау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 24 444 теңгеге техникалық қорытынды актілерін бере отырып, компьютерлік техника мен жабдықтың техникалық жай-күйін диагностикалау және айқындау жөніндегі қызметтерді шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде орындауды міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Бержанов К. М., 12.02.2024
4360-23-3-6/193

Яғни, шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімі 2023 жылдың 20 қыркүйек күні аяқталған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 196 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа берген қарсы пікірінде талап қоюмен келіспейтінін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Ә.Дармагамбетов талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкермен техникалық қорытынды актілері 24 қазан 2023 жылы ұсынылғанын, алайда, ұсынылған құжаттар техникалық ерекшелікке сай емес болғанын, қорытынды актілері екі тілде болуы қажет екенін, қорытынды қағаз және электрондық тасығышта болуы шарт болғанын, техникалық жабдықтардың атауы көрсетілмей қалғанын, сондықтан актілер қабылданбай қалғанын, аталған кемшіліктер орындалмағанын, шарт портал арқылы бұзылғанын, жауапкер тарапының ветеринария басқармасының ғимаратына қыркүйек айында кіре алмадық деген уәжіне келіпейтінін, жауапкер өкілдері қажет болған кезде кіріп жүргендерін, шарт 8 қараша 2023 жылы бұзылғандықтан казіргі таңда жұмысты қабылдай алмайтынын, жауапкер тарапы тұрақсыздық айыбын төлемегенін, сегіз күнге тұрақсыздық айыбы 196 теңгені құрап отырғанын, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі А.Досжанов талап қоюмен келіспей, техникалық жабдықтарға қорытынды актілерді жасап, талап қоюшыға 24 қазан 2023 жылы өткізгенін, талап қоюшы келіспей, құжаттар техникалық ерекшелікке сай емес екенін көрсеткенін, кейін құжаттарды жөндеп ұсынғанын, талап қоюшы тарапы атқарылған жұмыстарды қабылдамай отырғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Бержанов К. М., 12.02.2024
4360-23-3-6/193

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай жауапкер шарт талаптарына сай 2023 жылдың 20 қыркүйек күніне дейін компьютерлік техника мен жабдықтың техникалық жай-күйін диагностикалау және айқындау жөніндегі қызметтерді жасап, техникалық қорытынды актілерін екі тілде және қағаз және электронды тасығышта талап қоюшыға ұсынуға міндетті болған.

Алайда, жауапкер өз міндеттерін тиісінше орындамаған.

Жауапкер тарапы компьютерлік техника мен жабдықтарға техникалық қорытынды актілерін 24 қазан 2023 жылы ұсынған.

Аталған актілер шарттың техникалық ерекшелігіне сай болмаған, яғни, екі тілде жазылмаған, электронды тасығышта ұсынылмаған және компьютерлік техника мен жабдықтардың атауы дұрыс жазылмаған.

Сондықтан талап қоюшы тарапы аталған жұмыстарды қабылдамаған.

Талап қоюшы тарапы жауапкердің ұсынған актілерін сотқа ұсынды, аталған актілердің қазақша және орыс мәтініндегі даталары сай келмейді, кейбір актілерде компьютерлік техниканың атауы немесе инвентарлық номері көрсетілмеген.

Яғни, жауапкер тарапынан компьютерлік техника мен жабдықтарға жасалған қорытынды актілері немқұрайлы дайындалғандығы байқалады.

Тиісінше, талап қоюшы тараппен аталған жұмыс қабылданбаған.

Сот талап қоюшы тараптың әрекетін негізді деп санайды.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауы фактісі орын алғандығы анықталады.

Шарт 8 қараша 2023 жылы бұзылған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 28 қыркүйек 2023 жылы жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Бержанов К. М., 12.02.2024

Бұндай жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы негізді деп сот санайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Шарттың осы тармағына сәйкес, талап қоюшы кешіктірілген 8 күнге 196 теңге тұрақсыздық айыбының сомасын дұрыс есептеген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1731 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ALGA» атауымен әрекет етуші Ахметканова Асем Сейлхановна жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ALGA» атауымен әрекет етуші Ахметканова Асем Сейлхановна жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ALGA» атауымен әрекет етуші Ахметканова Асем Сейлхановна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 196 (бір жүз тоқсан алты) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 1731(бір мың жеті жүз отыз бір) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына,

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Бержанов К. М., 12.02.2024

АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 20.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2024, судья Бержанов К. М., 12.02.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»